

**Қамысты ауданындағы Красногор кең орнының № 1 рэ ұңғымасы учаскесінде жер асты суларының шаруашылық-ауыз су тартуының санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 17 маусымдағы № 243 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 12 шілдеде № 4181 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 181 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 28.04.2022 № 181 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 117-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Қаулының кіріспесіне өзгеріс енгізілді – Қостанай облысы әкімдігінің 14.03.2016 № 116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Қосымшаға сәйкес Қамысты ауданындағы Красногор кең орнының № 1 рэ ұңғымасы учаскесінде жер асты суларының шаруашылық-ауыз су тартуының санитарлық қорғау аймақтары белгіленсін.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Н.Садуақасов*

**КЕЛІСІЛДІ:**

"Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі  
Мемлекеттік санитарлық-  
эпидемиологиялық  
қадағалау комитетінің  
Қостанай облысы бойынша  
департаменті" мемлекеттік  
мекемесінің директоры  
\_\_\_\_\_ Б. Кенжебаев  
"Қазақстан Республикасы

Қоршаған ортаны қорғау  
 министрлігінің Су  
 ресурстарын пайдалануды  
 реттеу және қорғау  
 жөніндегі Тобыл-Торғай  
 бассейндік инспекциясы"  
 республикалық мемлекеттік  
 мекемесінің басшысы  
 \_\_\_\_\_ Г. Оспанбекова

Әкімдіктің  
 2013 жылғы 17 маусымдағы  
 № 243 қаулысына  
 қосымша

**Қамысты ауданындағы Красногор кең орнының № 1 рэ ұңғымасы учаскесінде жер асты суларының шаруашылық-ауыз су тартуының санитарлық қорғау аймақтары**

Су тарту кезінің атауы	Санитарлық қорғау аймақтарының мөлшерлері					
	I - белдеу		II - белдеу		III - белдеу	
	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы
№ 1 рэ ұңғымасы	Радиусі – 50 метр	0,785 гектар	Ұзындығы – 88 метр Барынша ені – 42 метр	0,36 гектар	Ұзындығы – 667 метр Барынша ені – 138 метр	8,91 гектар

Ескерту: № 1 рэ ұңғымасының санитарлық қорғау аймақтары жобасының картографиялық материалында санитарлық қорғау аймақтарының шекаралары көрсетілген (Тапсырыс беруші - "Шаймерден" акционерлік қоғамы).